

КПО 365



«КПО 365» стратегиясының бірінші саны алдымызға қойған **3 негізгі мақсатты** білдіреді. Олар жылдан жылға өзгеріссіз қала береді. Бұлар стратегияның негізгі іргетасы іспетті және стратегияның қалған элементтері осыларға негізделеді. Осы мақсаттар КПО-ны қызметі орнықты және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылған әлемдік деңгейдегі кәсіпорынға айналдыратын қозғаушы күштер болып табылады.

Одан кейінгі сан **6 басым бағытты** білдіреді. Олар да тұрақты болып қалады, тек қажет болған жағдайда 3 жыл сайын жаңартылып отыруы керек.

«КПО 365» стратегиясындағы әр басым бағыт **«5 жолды** қамтиды. Бұл жолдар – КПО-ның ұзақ мерзімді көздеген мақсатына жетуге жетелейтін жыл сайынғы қысқа мерзімді стратегиялар. Жоспарымызға сәйкес аталмыш жолдар жыл сайын қайта қаралып, бекітіліп немесе жаңартылып отырады, содан кейін тиімділіктің жылдық негізгі көрсеткіштерімен байланыстырылады және кейін осы ақпаратты негізге алып, болашақтағы қызмет жоспарланады.

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ / GRI 2-22 /

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» негізгі миссиясы – Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын табиғатқа қамқорлық және экономикалық тиімділік қағидаттары негізінде, сондай-ақ жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуі үшін мүмкіндіктер жасай отырып игеру.

Осы мақсатқа қол жеткізу жолында КПО өз қызметтерінде тұрақты даму қағидаттарын берік ұстанады және мыналарды жүзеге асыруға өз үлесін қосады:

- Компания қызметімен байланысты теріс әсерді барынша азайту, ал мүмкіндіктерді барынша арттыру;

- Қарашығанақ кен орнын игеру барысында қабылдайтын шешімдерінің ұзақ мерзімді салдарын ескеру;
- Мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- Өндірісті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу және ашықтықты қамтамасыз ету.

Компания өз қызметін [Тұрақты даму кодексінде](#), сонымен қатар [КПО бизнес қағидаттарында](#) бекітілген он тұрақты даму қағидатын басшылыққа алып, БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге өз үлесін қосып жүзеге асырады. / **ТДМ 16.б** /

КПО БИЗНЕС СТРАТЕГИЯСЫ / GRI 201-2, ТДМ 7, 8.4, 12, 13, 16.б, 17.14 /

Ұзақ мерзімді әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге деген талпынысымыз КПО миссиясында көрініс тапқан. Бұл мақсатымызға 3 мақсаттан, 6 басым бағыттан және 5 «жолдан» тұратын «КПО 365» атты стратегиямызды іске асыру арқылы қол жеткізуді жоспарлап отырмыз (1-суретті қараңыз). / **GRI 2-22** /

КПО-ның бизнес стратегиясының мақсаты – бүкіл ұйым аясында миссияға қатысты тұтастықтың болуын қамтамасыз ету және алға қойылған

міндеттер мен берілген уәделердің орындалуын қадағалау үшін құрылған жүйеге сәйкес әрекет ету.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін компанияның ұстанымы мен миссиясын тактикалық және нақты әрекеттерге айналдырған өте маңызды. Бұған «КПО 365» корпоративтік стратегиясын енгізу арқылы қол жеткізбекпіз. Бұл стратегия болашақта КПО-ны табысқа жетелейтін құрамдас элементтерді анықтайды және олар 1-суретте көрсетілген.

1-сурет. «КПО 365» стратегиясы**ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ-
МЫЗҒА САЙ БОЛУ****АДАМДАРҒА ДЕГЕН
ҚАМҚОРЛЫҚ**

Ынталы әрі білікті адамдар – компания тірегі

- Ұлттандыру
- Даму және өнімділік
- Талқыға тарту
- Әралуандық және тең мүмкіндіктер
- Этикалық нормалар және нормативтік-құқықтық сәйкестік

НӨЛДІК КӨРСЕТКІШ

Адамдар мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу



- Қауіпсіздік мәдениеті
- Бизнес серіктестер
- Жабдықты қорғау
- ҚОҚ-тың жоғары деңгейі
- Денсаулықты сақтау

**ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ****МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР**

Әлеуметтік жауапкершілік және мүдделі тараптарды тарту

- ҚР
- PSA
- Бас компаниялар
- БҚО және жергілікті халық
- Ішкі байланыс

ШЫҒЫНДАРДЫ БАСҚАРУ

Қаражатты ұтымды игеру және жергілікті әлеуетті дамытуға жәрдемдесу



- Келісім-шарттар
- Цифрландыру, жеңілдету
- Шығындарды оңтайландыру
- Жергілікті қамту
- Қорлар

**БОЛАШАҚТЫ
ҚҰРУ****КІРІСТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Өндірісті арттырып, кеңею жобаларын іске асыру

- Пайдалану тиімділігі
- Нысандарды оңтайландыру
- Жобаларды іске асыру
- Газ жобасы
- Экспорт бағдарлары

**ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БЕТБҰРЫС**

Көміртек ізін азайту

- Шығарындылардың нөлдік деңгейіне жетуге ұмтылу
- Қуат стратегиясы
- Шығарындыларды азайту стратегиясы
- Су стратегиясы
- Қалдық ресурстары стратегиясы

КЛИМАТҚА ҚАТЫСТЫ ҚАТЕРЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР / GRI 201-2 /

Біз климаттың өзгеруінен туындайтын тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару тәсілін үнемі жетілдіріп отырамыз. Бұл жұмысымыздың аясында түрлі уақыт аралығын қарастырып, ол кезеңдердің қатерлерді анықтау және қызметті жоспарлау үшін маңыздылығын анықтаймыз. Біз шығарындылар саудасы жүйесіне, көміртегі бағасына, жаңартылатын энергия көздеріне және офсеттік шешімдерге қатысты заңнамадағы өзгерістерді белсенді түрде қадағалап отырамыз. Энергетикалық бетбұрыстың орта және ұзақ мерзімді перспективада қалай өрбуі мүмкін екені туралы түсінік беретін әлеуетті сценарийлерімізге осы факторлар енгізілген. Осы идеялар стратегиялық көзқарасымызды, қаражатты бөлуді және парниктік газ шығарындыларын азайтуға бағытталған мақсаттар қоюды анықтайды.

Біз, сонымен қатар, климаттың өзгеруіне байланысты орын алуы мүмкін физикалық қатерлерге қарсы төзімділікті арттыру үшін активтеріміз бен өндірістік қызметімізді тиімді бейімдеу жолында жұмыс істеп жатырмыз. Активтер мен персоналды климаттық қатерлердің физикалық әсерінен қорғау бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр. 2024 жылдың наурыз-сәуір айларында КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының жергілікті билік органдарына су тасқынына қарсы қоршаулар салуда қолдау көрсетіп, зардап шеккен тұрғындарға қол ұшын созды. Компания су тасқыны салдарынан үйлері жарамсыз болған адамдарға жаңа тұрғын үй сатып алуға 2 млрд теңге көлемінде өтеусіз қаржылық көмек көрсетті.

2024 жылы КПО Жасыл стратегиясы аясында барлық бес негізгі бағыт бойынша негізгі іс-шаралар ойдағыдай орындалды. Парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізілді, жел қарқынын өлшеу науқаны аяқталды, газтурбиналық генераторлардың жылуын пайдалану концепциясын таңдау жұмыстары басталды. Батыс Қазақстан облысында тұрақты ауыл шаруашылығы саласында офсет жобаларын жүзеге асыру мүмкіндіктері бағаланды. Суды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар қабылданып, айналма суды пайдалануды кеңейту және цифрлық технологияларды енгізу қолға алынды. Сондай-ақ, қалдықтармен жұмыс істейтін қондырғыларды жаңғырту бойынша зерттеулер жүргізілді.

КПО қалдықтарды, соның ішінде бұрғылау қалдықтарын өңдеу және қайта пайдалану деңгейін арттыруға бағытталған Жасыл стратегия шеңберінде тұрақты шешімдерді енгізу жұмыстарын жалғастырып келеді. Бұл – қоршаған ортаға әсерді барынша азайту және декарбонизация бойынша мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған кең ауқымды бастаманың бір бөлігі.

Біз, сондай-ақ ҚР Үкіметімен ынтымақтасып, нормативтік базаны қалыптастыру бойынша түрлі жұмыс топтарына қатысып жүрміз, бұл өз кезегінде Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік бермек.

2024 жылы КПО БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының (ЮНЕП) OGMP 2.0 бастамасына қосылып, 2025–2029 жылдарға арналған метанның үлестік шығарындыларын азайту мақсаттарын айқындаған ұзақ мерзімді мониторинг жоспарын ұсынды.

IMEO (Метан шығарындыларын халықаралық бақылау орталығы) жариялаған есеп пен Бакуде өткен БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-шы конференциясында (29-ТК) айтылған жұмыстардың нәтижесінде КПО осы бағыттағы жетістіктері танылып, OGMP КПО-ға «Gold Pathway» мәртебесін берді. 2024 жылдың екінші жартысында компания Қарашығанақ мұнай және газ конденсат кен орнындағы метан шығарындыларының барлық көздерін қамтыған толық аспапты мониторинг жүргізді. Бұл үшін метан эмиссиясын анықтауға және есепке алуға арналған ең заманауи жабдықтар пайдаланылды.

Жеткен жетістіктерге қарамастан, КПО үздіксіз жетілудің маңыздылығын мойындайды. Қазақстанның жетекші мұнай-газ кәсіпорындарының бірі ретінде КПО энергетикалық бетбұрыстың қатерлері мен мүмкіндіктерін алдын ала анықтауға тырысады.

Коммерциялық қатерлер (орта және ұзақ мерзімді)

Төмен көміртекті экономикаға көшу және Еуроодақтың көміртек шығарындыларын трансшекаралық реттеу механизмінің мұнай мен газға таралуы мұнай-газ өнімдерін өндіруге көп энергия жұмсалатын болғандықтан сатылатын өнім көлемінің және/немесе табыстылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, инвесторлар мен қаржы институттары артық көріп, басымдық беретін бағыттардың өзгеруі капитал пайдалануға деген мүмкіндікті шектеп, оның құнын арттыруы мүмкін.

Нормативтік-құқықтық талаптарға қатысты қатерлер (қысқа, орта және ұзақ мерзімді)

Басқа нарықтар сияқты Қазақстанның көміртек нарығы да ПГ шығарындыларына берілетін тегін квотаны төмендету арқылы және шығарындыларға берілетін квоталарды саудалау жүйесін дамыту арқылы бизнесті төмен көміртекті технологияларға жүйелі көшіруді көздеп отыр. Болжам бойынша көміртек шығарындыларын реттеу механизмінің күшейтілуіне байланысты нормативтік талаптарды орындауға кететін шығындар арта түседі. Дегенмен, қазіргі уақытта тегін көміртек квоталарының төмендеуі қарқынына, көміртегі бағасына және басқа да реттеу механизмдеріне қатысты шешімі табылмаған түрлі сұрақтар бар. Бұл жобаларды жоспарлау және инвестициялық шешімдер қабылдау процестерінде ескерілуі қажет тиісті болжамдарды анықтауды қиындатады.

Физикалық қатерлер (қысқа мерзімді, орта және ұзақ мерзімді)

Су тасқыны, құрғақшылық, жаз кезіндегі жоғары температура сияқты қатерлерді қамтитын климаттың өзгеруінен туындайтын әлеуетті жағдайлар КПО объектілеріне, өндірістік қызметіне және жеткізу

тізбегіне әсер етуі мүмкін. Бұл қауіпті факторлар мен әсерлердің жиілігі арта түседі деп күтіледі. Климаттың өзгеруіне байланысты болса да не байланысы жоқ болса да, ауа-райының экстремалды құбылыстары КПО-ның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Беделге қатысты қатерлер (ұзақ мерзімді)

Беделге қатысты қатерлерге келетін болсақ, егер КПО өзін климаттың өзгеруіне қарсы күресте көшбасшылардың бірі ретінде көрсете алмаса, ол материалдық емес беделге қатысты қатерлерден зиян шегу мүмкін. Бұл мұнай-газ саласындағы әрбір кәсіпорынның процеске қосылып, ортақ жауапкершілікті бөлісу қажет екенін көрсетеді. Демек, КПО-ның бүкіл сала күш жұмылдырған бастамаға қосатын үлесі айқын және танылатындай болуы керек. Бұл КПО-ның өзінің және бас компанияларынан алынған ең жақсы қолданыстағы технологияларды, тәжірибелер мен бастамаларды қолдануға деген ұмтылысын білдіреді. Бас компанияларымыздың көпшілігі өздерінің операциялық философияларында энергетикалық бетбұрыс тұрғысынан үлкен серпіліс жасады.

Парниктік газдар, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі салаларындағы ұлттық заңнаманың күшейтілуі өндірістік процестерімізді дер кезінде бейімдеп, тиісті әрекет етуімізді талап етеді.

Энергетикалық бетбұрыстың арқасында КПО-ға заңнаманың және нарық сұранысының өзгеруін өз пайдасына пайдалануға оңтайлы мүмкіндіктер береді. Біз шығарындыларды мейлінше азырақ шығарып, барынша көбірек құндылық қамтамасыз етуге тырысатындықтан, бүгін біз энергия тиімділігі құралдарына, жаңартылатын энергия көздеріне, табиғатпен байланысты офсет мүмкіндіктеріне және метан шығарындыларын бақылауға назар аударамыз. Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану өнімдеріміздің ПГ шығарындылары мен көміртек ізін азайтуға көмектеседі. Бұл заңнаманың орындалуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар квота шегінен асып кетумен байланысты ықтимал шығындардың туындауының алдын алады және бәсекеге қабілеттілігімізді сақтайды. Басқа шешімдер дайындалып, кең қолданысқа енгенге дейін көміртекті офсеттік шешімдер қысқа және орта мерзімді перспективада болашақтағы көміртегісіздендіру процесіне көпір ретінде тез және құнды рөл атқарады. Толығырақ ақпарат осы есептің «Климаттың өзгеруі және энергетикалық бетбұрыс» бөлімінде берілген.

Оған қоса айта кетері, метан шығарындыларын бірнеше себептерге байланысты бақылау қажет. Ең бастысы – метан климаттың өзгеруіне және ауа сапасына айтарлықтай әсер етеді. Тиімді бақылау жүйелерін енгізу есеп беру процестерін жақсартуға және метан шығарындыларының қоршаған ортаға шығуының алдын алуға көмектеседі. Метан шығарындыларының жетілдірілген мониторингі мен есептің ашықтығын қамтамасыз ету біздің алдағы бес жылдағы – 2024 жылдан 2029 жылға дейінгі басты басымдықтарымыз болып табылады.